пластикпен әдіптелген, алмалы-салмалы

## 5. ЕСІК СӨРЕСІ:

жұмыртқа, май және ұсақ қаптамадағы азық-түліктерді сақтау үшін.

## 6. МАГНИТТІ ІЛМЕК:

берік және тығыз жабылуды қамтамасыз етеді.

## 7. МҰЗ НАУАСЫ:

дайын мұз кубиктері оңай шығарылып алынады.

## 8. ЕСІК СӨРЕСІ.

9. ЕСІК СӨРЕСІ бөтелкелер мен ірі қаптамалар үшін.

10. ЖӘШІК көкөніс пен жеміс-жидек сақтау үшін.

11. ЖИНАЛМАЛЫ ШЫНЫ СӨРЕСІ.

## Назар Аударыңыз:

1. Тоңазытқышты желіге қосу алдында желі параметрлерін тексеріңіз.
2. Құрылғыға жерлендірілген бұрандасы бар жерлендірілген сымын қосыңыз.
3. Құрылғы сумен қатынасуын болдырмаңыз.
4. Құрылғының жанында жанғыш материалдарды (мысалы, бояу) пайдаланбаңыз.
5. Тоңазытқыштың ішінде бензин, газға сиретудің, алкоголь, сондай-жанғыш материалдарды сақтамаңыз.
6. Құрылғының жанында газдың ағуын болдырмаңыз.
7. Балаларға тоңазытқыштың есігін тартуға жол бермеңіз.
8. Егер сіз Тоңазытқыштың ашасын желіден өшірсеңіз, қайта қосқан кезде, компрессорды бұзып алмау үшін 3-5 минут күтіңіз.

\* Құрылғының сыртқы көрінісі қораптың және осы нұсқамадағы бейнеден өзгеше болуы мүмкін.



# БАСҚАРУ

## ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ҚОЛДАНАР АЛДЫНДА

1. Тоңазытқышты ұқыпты жуыңыз. Сыртқы беттерін жұмсақ, құрғақ шүберекпен, ал ішкі беттерін – жұмсақ, сулау шүберек немесе губкамен сүртіңіз.
2. Есікт ашық қалдырып, айырды розеткаға қосыңыз.
3. Термостатты 7 дәрежеіне орнатыңыз. Есікті жабыңыз да тоңазытқышқа 15-20 минут жұмыс істеуге беріңіз. Мұздатқыштың бетін қырау басады.

## ТЕРМОСТАТ

Тоңазытқыш ішіндегі температура термостат қондырғылармен басқарылады.

Термостаттың тұтқасымен сандық белгі неғұрлым жоғары орнатылса, тоңазытқыш ішіндегі температура соғұрлым төмен болады. Мұзды тез дайындау немесе балмұздақты мұздатқышта сақтау үшін термостатты 7 дәрежесінде орнатыңыз. Термостат тұтқасын сандық белгілер аралық дәрежеде орнатуға болады.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Егер Сіз тоңазытқышты розеткадан суырып өшірсеңіз, тоңазытқышты қосу алдында кем дегенде 3-5 минут күтіңіз, компрессордың бұзылмауы үшін.

## ЖІБІТУ

Термостаттың тұтқасын OFF (Сөндірілу) дәрежесіне орнатыңыз. Тоңазытқыштан тоңазытылған және тез бұзылатын азық-түлікті шығарыңыз. Су науасы орнында екенін тексеріңіз. Жібіту, әдетте бірнеше сағатты алады. Тез жібіту үшін тоңазытқыштан барлық азық-түлікті шығарып, есікті ашық қалдырып қойыңыз. Жібітуді тездетпеңіз, ұшқыр затпен буландырғыштан қырауды қырмаңыз – Сіз буландырғышты зақамдайсыз. Жібіту аяқталғанна кейін суды су жинағыш науадан төгіңіз де термостатты орнына қайтарыңыз.

## ЖУУ

**Жуғыш заттар:** Жуу үшін тұтанғыш және уланғыш тазалау заттар, металл қырғыш пен щетка, түрпіліс заттар мен органикалық еріткіштерді тазалауға қолданбаңыз.

**Сыртқы беттер:** Жылы, сабынды сумен жуыңыз, содан кейін жұмсақ шүберек немесе губкамен, таза суда суланған және құрғақ сүртіңіз.

**Буландырғыш:** Жібіту үшін термостаттың тұтқасын OFF (Сөндірілу) дәрежесіне орнатыңыз. Жібітуді тездетпеңіз, ұшқыр затпен буландырғыштан қырауды қырмаңыз – Сіз буландырғышты зақымдайсыз.

**Тоңазытқыш бөлімі:** Жиналмалы бөлшектерді (сөрелер ж.т.б) жылы, сабынды суда жуыңыз, шайыңыз және құрғақ сүртіңіз. Тоңазытқыштың ішкі беттерін ыстық сода ерітіндісімен (3 үлкен қасық содасын 1 литр суға) немесе жылы сабынды сумен, содан соң жұмсақ шүберек немесе губкамен, таза суда суланған және құрғақ сүртіңіз.

**МАГНИТТІ ІЛМЕКТЕР:** Жылы сабынды сумен жуыңыз.

**Жуу соңында:** Жиналмалы бөлшектерді (сөрелер ж.т.б) өз орындарына салыңыз және термостатты тиіс дәрежеге орнатыңыз.

## Орнату

### Орнату

Тоңазытқышты жылу көздерінің қасына және ылғалды жерлерге орнатпаңыз. Жан-жақтарынан, есік толығымен ашылатындай және тоңазытқышқа жақындай алатындай жеткілікті саңылаулыр қалдырыңыз.

Тоңазытқыш салатын техника емес, оны қуыс жерлерге орнатпаңыз.


### Тегістеу

Тоңазытқыш тегіс тұрақты жерде тұру тиіс. Бұл тоңазытқыштың екі тегістеу қаптамасы бар, әрбір алдыңғы бұрышында біреуден. Бұрышты көтеру үшін -солға бұраңыз, төмендету үшін -оңға. Қажет болса, аралық қабатты артқы бұрыштарына пайдаланыңыз.

- Егер Сіз қаласаңыз, тоңазытқыштың есігі өз бетімен жабылады. Ол үшін тоңазытқыштың бет жағын, артқы жағымен салыстырғанда кішкене жоғарырақ орнатыңыз. Бірақ алдыңғы мен артқы бұрыштары бір-бірімен тегістендіруі қажет.

- Егер тоңазытқыш есігі өз бетімен жабылмасын десеңіз, онда тоңазытқыш бұрыштары өзарасында тең болуы тиіс.

**Ескерту:** Барлық орауыш материалын алып тастаңыз. Егер бекіту таспасы тоңазытқыш бетінде іздерді қалдырса, ластанған бетіне таспаның жабысқақ изопропилді спирті бар жағымен тиіп кетіңіз. Еріткіштерді, тазартқыштарды және абразивті заттарды қолданбаңыз.



# Әртүрлі кездерде, не істеу керек...

## 1. Тоңазытқыш ұзақ уақыт бойы пайдалынбаса

- Тоңазытқышты қоректенуден өшіріңіз
- Тоңазытқышты жібітіп және жуып, есіктерді 2-3 сағатқа ашып қойыңыз.

## 2. Көшу кезінде

- Жиналмалы бұйымдарын (сөрелер ж.т.б) тоңазытқыштың ішінде бекітіңіз немесе оларды бөлек ораңыз.
- Компрессор зақымданбау үшін тоңазытқышты тік тасымалдаңыз.

**Тоңазытқышыңыздың жұмыс істемеу себептері оңай шешілуі мүмкін, сондықтан қызмет орталығын шақыруынан бұрын келесіні тексеріңіз:**

## Тоңазытқыш жұмыс істемейді

Тексеріңіз:

- Айыр розеткаға қойылған және қоректенудің электрлік сипаттамасы тоңазытқыштың сипаттамасына сәйкес келе ме.
- Қоректену сымжелі зақымданған емес пе.

## Тоңазытқыш беті әдеттегіден жылы:



- Мүмкін Сіз тоңазытқыш есігін жиі-жиі аша бересіз
- Мүмкін желдету ойықтары бөгетілген
- Мүмкін тоңазытқыш ішіне ыстық тағамдар қойылған
- Мүмкін бүйір панелі мен қабырға аралығы сақталынбай тұр

## Жұмыс жасап жатқан кезде тоңазытқыш артық шу шығарады:

- тоңазытқыш тегіс және тұрақты бетте орнатылғанын анықтаңыз
- тоңазытқыш артында артық заттар жоқ екенін анықтаңыз
- мүмкін дірілдейтін дыбыс, тоңазытқыштың ішіндегі ыдыстан шығар? Ыдысты тұрақты қалпына қойыңыз.

# Сақтық шаралары

Жазатайым оқиғалардан сақ болу үшін, осы нұсқаманы мұқият оқып шығуыңызды өтінеміз. Нұсқаманы оқыған соң оны тастамаңыз, келесі реттерге сақтап қойыңыз, және басқа пайдаланушылар үшін сақтаңыз.

 <b>Денсаулық және өмір үшін қауіпті.</b> Абай болыңыз	 <b>Жарақат алу қаупі бар.</b> Мүлік зақымдануы мүмкін. Назар Аударыңыз
--	--

## Абай болыңыз

Бір ток көзіне бірден бірнеше құрылғыны қоспаңыз.  
- Бұл нұсқауды сақтамауы, желілік бітелуіне немесе өрт жануына әкелуі мүмкін.

Тоңазытқыштың артқы панелі мен розетка аралығын сақтаңыз  
- Егер штепсель айыры зақымданған болса, ол өрт жануына әкелуі мүмкін.

Суды тоңазытқыш бетіне немесе ішінде төкпеңіз  
- Себебі ол электр ток соққысына немесе өрт жануына әкелуі мүмкін

Суды тоңазытқыш ішінде шашыратпаңыз  
- Өрт жану қауіп қатері бар

Қуат сымын майыстырмаңыз, және үстіне ауыр затты қоймаңыз  
- Өрт шығу қаупі бар. Егер қуат сымы зақымданған болса дереу сервис орталығына немесе өндірушіге хабарласыңыз.

Ешқашан да сулы қолыңызбен жүйелік сымға немесе ток көзіне тимеңіз.  
- Бұл нұсқауды сақтамасаңыз, электр тоғын қабылдау қаупі бар.

Тоңазытқыштың үстіне сұйық құйылған ыдысты қоймаңыз.  
- Егер су тоңазытқыштың электр элементтеріне тисе электр тоғын қабылдау, тұтану және жарақат алу қаупі бар.

Тоңазытқышты ылғалды немесе дымқыл еденде орналастырмаңыз.  
- Себебі ылғалды жерлерде электрооқшаулану бұзылады, сөйтіп электр тоғын қабылдау қаупі орын алады.

Тоңазытқышта тек азық-түлікті сақтаңыз  
- медициналық, жанғыш заттарды, және тағы басқа заттарды сақтауға болмайды

Тоңазытқышты өз бетімен жөндемеңіз немесе құралдарын өз бетімен құрастырмаңыз.  
- Себебі Сіз құрылғыны зақымдауыңыз, тіпті өзіңізді жарақаттауыңыз мүмкін.

Ішкі жарық шамын ауыстырған кезде, желілік сым айырын розеткадан шығарыңыз.  
- Себебі тоқ соғу қаупі бар  
- Желілік сымын және басқа жөндеу жұмыстарын тек білікті маман жүргізу керек, себебі ол пайдаланушының өмірін қауіпке ұшыратады.

Жерге қосу Қосу алдында аспаптың жерленгеніне көз жеткізіңіз.  
- Жерге қосылмаған аспап электр тоқтың және қысқа тұйықталуының себебі болуы мүмкін.

Егер сіз тоңазытқышты қоқысқа шығарайын десеңіз, алдын-ала есіктерін және төсемдерін шешіп тастаңыз.  
- Бұл балалар қауіпсіздігі үшін маңызды Желдеткіш тесіктерін өнімдермен жаппаңыз.

Мұздату барысын тездету үшін, өндіруші ұсынғаннан басқа механикалық құрылғыларды пайдаланбаңыз.

Тоңазытқыштың ішінде өндіруші ұсынғаннан басқа кез келген электр құрылғыларын, пайдалануға болмайды.

Осы аспапты балаларға және физикалық және ақыл-ой мүмкіндігі шектеулі адамдарға, басқа адамдардың бақылауысыз пайдалануға болмайды.

Балаларға тоңазытқышпен ойнауға рұқсат бермеңіз.

# Назар Аударыңыз

## Назар Аударыңыз

Тоңазытқыштын ішін азық-түлікпен тым толтырмаңыз

- Есіктерін ашқан кезде, ішінен құлап түсетін өнімдер сіздің денсаулығыңызға зиян келтіруі мүмкін.

Тоңазытқыш камерасында шыны бөтелкелерді сақтамаңыз.

- Ол электр соққысына әкелуі мүмкін немесе өрт шығуына мүмкіндік жасайды.

Егер розетка қабырғаға мықты бекітілген жоқ болса, штепсель айырын сондай розеткіге қоспаңыз

- Бұл электр тоғының соғуына немесе өрт жануына әкелуі мүмкін

Ешқашан желі шаңышқысын сымынан тартып шығармаңыз.

- Сіз сымдардың біреуін зақымдап алып, қысқа тұйықталу болу қаупі туындайды.

Тоңазытқыштың үстіне ешқандай заттарды қоймаңыз.

- Сіз есіктерін ашқан/жапқан кезде құлап түскен заттар сізді жарақаттау мүмкін.

Тоңазытқыштың ішінде дәрі-дәрмектерді, химиялық заттарды және басқа термосезімтал материалдарды сақтауға болмайды.

- Қатаң температуралық бақылауын талап ететін заттар, тоңазытқышта сақтауға болмайды.

Балаларға тоңазытқыш есіктеріне асылуға рұқсат бермеңіз.

Мұздатқышта сақталған өнімдерді дымқыл қолыңызбен ұстамаңыз,

- Үсік қаупі бар


## Ескерту!

Жерге тұйықталған розетканы қолдану:

Егер Сіз жерге тұйықталған розетканы пайдалансаңыз, онда құрылғыны жеке жерге қосу қажеті жоқ.

Жерге тұйықталмаған розетканы қолдану:

Жерге тұйықталу сымын болат тіліміне қосып, жер астына 25 см тереңдікке жерленіз.



Штепсель айырынң істіктерін тазалықта ұстаңыз.

- Себебі өрт қаупі бар

Тоңазытқыш астына қолыңызды немесе аяғыңызды қояға болмайды

- Тоңазытқыш астында өткір дөрекі жиектері мен бөлшектері арқылы жарақат алуыңыз мүмкін.

Штепсель айырын розеткадан шығарған соң, оны қайта қосу алдында 5 минут күте тұрыңыз.

- Тоңазытқыш жұмысындағы шалыстар материалдық зиян келтіру мүмкін.

Егер сіз тоңазытқышты көп уақыт пайдаланбасаңыз, азық-түлікті шығарып оны желіден ажыратыңыз.

- Электр қуатында кейбір кемшіліктер болса, азық-түлік бұзылуы мүмкін немесе басқа жағдайлар болып қалу мүмкін (қысқа тұйықталу, өрт және т.б)

Балаларға тоңазытқыштың меңгеру панелімен ойнауға рұқсат бермеңіз.

- Балаларға тоңазытқышпен ойнауға рұқсат бермеңіз

- Басқару панелін бөлшектемеңіз

- Тоңазытқыштың жөндеу және реттеу жұмыстарын тек білікті маман жүргізу керек. Өз бетіме жөндеу, пайдаланушы өмірі үшін қауіпті.

- Мұздату камерасынан жаңа ғана шығарылған өнімдерді бірден пайдаланбаңыз, үсік алу қаупі бар.

Тоңазытқышта пайдалынған хладагент, және оқшаулағыш материалының құрамындағы заттар ерекше қолдану ережелерін талап етеді.

Тоңазытқышты орнату алдында, артқы панелінен шығып тұрған түтіктер зақымдалған жоқ екенін көз жеткізіңіз.

# Жұмысты бастау

Бұл құрылғы тек үй шаруасында пайдалану үшін арналған. Осы өнімнің барлық ерекшеліктерін барынша пайдалану үшін нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Келешекте пайдалану үшін осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз.

## 1. Қоршаған ортаны қорғау

Тоңазытқыштың ыдысы мен тоғанағы қайта пайдалану үшін өңделеді. Қораптан арнайы белгіні қараңыз. Жергілікті утилизация ережелерін сақтаңыз.

Орауыш (таспа, пакеттер, полистирол) балалар үшін зиян келтіруі мүмкін. Орауыш материалдарын балалардан аулақ сақтаңыз.

## 2. Электронды мен электрлі құрылғылардың утилизациясы

Бұйымдағы, оның құрама бөліктеріндегі және орамасындағы белгішенің болуы оның тұрмыстық қалдық ретінде жарамайтынын көрсетеді.

Арнайы электронды және электрлі бұйымдарды қайта өңдеу жерлеріне утилизация жасауыңызды өтінеміз.

Еуропалық Одақ пен басқа да еуропалық елдерде жұмыс уақыты біткен электронды және электрлі бұйымдарды арнайы топтастырып жинау көзделген. Бұл арқылы Сіз қоршаған орта мен адам денсаулығына төнетін потенциалды қауіптіліктің алдын аласыз. Материалдарды қайта өңдеу табиғат ресурстарын үнемдеуге жол ашады.

Құралды тастау алдында штепсель айырын розеткадан шығарыңыз, қуат сымын кесіп тастаңыз, барлық есіктерін шешіңіз. ескі электронды және электрлі құрылғыларды тұрмыстық қалдықтармен бірге орналастырмауыңызды сұранамыз. Утилизация бойынша толығырақ мәліметті Сіз жергілікті офистен, утилизациямен айналысатын қызметте немесе сатып алған дүкеніңізден біле аласыз

## 3. Маңызды ақпарат

1. Құрылғыны орау алдында, оны олқылықтар мен ақаулықтарға тексереді. Алайда, пайдалану алдында тоңазытқышты тексеріп шығыңыз, есіктері тығыз жабылатын екенін анық болыңыз. Өнімге талаптарыңыз болса, 24-сағаттың ішінде сатып алған дүкенге оны білдіріңіз.

2. Хладагент айналу жүйесі тиімді жұмыс атқару үшін, тоңазытқышты қосу алдында 2 сағат күте тұрыңыз.

3. Орнату мен электр қосылыстары тек білікті маманмен жүргізілуі тиіс.

4. Пайдаланар алдында тоңазытқышты жуып алыңыз.

5. Құрылғының құрамында хлор мен фтор заттары жоқ (салқындату үшін R-600 немесе R-134a хладагенті пайдаланылады) Сіздің тоңазытқышыңызда қандай хладагент пайдаланылатынын маркалы таңбасын тексеріңіз. Берілген тұрмыстық электроқұрылғы құрамында тұрақты мөлшердегі озонға қауіпсіз (изобутан), тез жанғыш табиғи газ бар, ал газ жасауыш ретінде - циклопентан қолданылады. Транспорттау мен орнату кезінде мұздату тізбегінде ешқандай зақымдаулар болмауын қадағалау керек.

# Қауіпсіздік ережелері

Құрылғыны қате орнатқанынан немесе бұрыс пайдаланғаннан қайғылы оқиғадан сақ болу үшін, өтінеміз берілген нұсқаулықтарды орнату алдында мұқият оқып шығыңыз. Егер түсініксіз бір жағдайлар болса кеңес алу үшін Сервис Орталығына хабарласыңыз.

Орнату

- Берілген құрылғы ауыр. Оны абайлап жылжытыңыз.
- Құрылғының сыртқы көрінісіне немесе құрылысына өзгерістер жасауға болмайды.
- Құрылғыны оның қуат сымна орналастырмаңыз. Егер қуат сымна зақымданған болса оны тек білікті маман ауыстыруы тиіс.
- Орнату мен электр қосылыстары тек білікті маманмен жүргізілуі тиіс.
- Тоңазытқыштың артқы панелі қызуы мүмкін. Тоңазытқыштың артқы панелі қабырғаға қарай орнатыңыз. Алайда, артқы панелі мен қабырға аралығын, оңтайлы желдету үшін, сақтаңыз.
- Хладагент айналу жүйесі тиімді жұмыс атқару үшін, тоңазытқышты қосу алдында 2 сағат күте тұрыңыз.

Назар Аударыңыз !

Тоңазытқыштың желдету жүйесін қамтамасыз ету үшін, оны дұрыс орнатыңыз.

Балалар қауіпсіздігі

1. Осы аспапты балаларға және физикалық және ақыл-ой мүмкіндігі шектеулі адамдарға, басқа адамдардың бақылаусыз пайдалануға болмайды. Балаларға тоңазытқышты басқа адамдардың бақылаусыз пайдалануға немесе тазалауға болмайды.
2. Балаларға тоңазытқышпен ойнауға рұқсат бермеңіз.

Пайдалану кезінде

Берілген құралды тек үй шаруасында пайдалануға рұқсат: азық-түліктерді сақтау үшін. Мұздату камерасына газдалған минералды сусындарды салмаңыз. Жаңа ғана мұздату камерасынан шығарылған өнімдерді бірден қолданбаңыз, себебі үсік тиюі мүмкін. Үсіктен сақ болу үшін, мұздатылған өнімдерді суық қолмен ұстамаңыз.

Егер Сіз тоңазытқышты көп уақыт пайдаланбасаңыз :

1. Барлық өнімдерді ішінен шығарып тастаңыз
2. Штепсель айырын розеткіден шығарыңыз
3. Тоңазытқышты жуып, құрғақ шүберекпен сүртіп қойыңыз
4. Жаман иістер болмау үшін, есіктерін ашық тастап қойыңыз.

Назар Аударыңыз :

Еріту барысын тездету үшін, өндіруші ұсынғаннан басқа механикалық құрылғыларды пайдаланбаңыз.

Сервистік қызмет көрсету

Бұл құрылғының барлық жөндеу қызметтерін тек білікті маман жасау тиіс. Тек фирмалы қосалқы бөлшектерін қолдану керек. Жазатайым оқиғалардан аман болу үшін өз бетімен жөндеу жұмыстарын өткізбеңіз.

Ескерту :

Электронды мен электрлі құрылғылардың утилизациясы. Тоңазытқышты өшіріңіз. Штепсель айырын розеткіден шығарыңыз. Қуат сымна кесіп тастаңыз. Тоңазытқыш есіктерін шешіп тастаңыз. Құрылғыны тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз.

Назар Аударыңыз :

Тоңазытқыш утилизациясы ЕО Директивасына 2002/96/ЕС сәйкес жасалуы тиіс (электронды жабдықтарды утилизациялау, 12 бетті қараңыз) Берілген тұрмыстық электроқұрылғы құрамында тұрақты мөлшердегі R-600a хладагенті және, тез жанғыш табиғи газ бар. Бұл нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, және келешекті пайдалануға сақтаңыз.

# Сақтық шаралары

Тоңазытқышты, қолжетімді розеткасы бар жерінде орналастырыңыз.

Егер Қуат сымна зақымданған болса, оны өндіруші, сервис орталығы немесе білікті маман ауыстыру қажет.

Желдету ойықтарын бөгемеңіз.

Еріту барысын тездету үшін, өндіруші ұсынғаннан басқа механикалық құрылғыларды пайдаланбаңыз.

Хладагент пішінін бұзып алмаңыз.

Жергілікті утилизация ережелеріне сәйкес құрылғыны утилизациялаңыз.



Электронды мен электрлі құрылғылардың утилизациясы Бұйымдағы, оның құрама бөліктеріндегі және орамасындағы белгішенің болуы оның тұрмыстық қалдық ретінде жарамайтынын көрсетеді. Арнайы электронды және электрлі бұйымдарды қайта өңдеу жерлеріне утилизация жасауыңызды өтінеміз. Еуропалық Одақ пен басқа да еуропалық елдерде жұмыс уақыты біткен электронды және электрлі бұйымдарды арнайы топтастырып жинау көзделген. Бұл арқылы Сіз қоршаған орта мен адам денсаулығына төнетін потенциалды қауіптіліктің алдын аласыз. Материалдарды қайта өңдеу табиғат ресурстарын үнемдеуге жол ашады. Сондықтан ескі электронды және электрлі құрылғыларды тұрмыстық қалдықтармен бірге орналастырмауыңызды сұранамыз. Утилизация бойынша толығырақ мәліметті Сіз жергілікті офистен, утилизациямен айналысатын қызметте немесе сатып алған дүкеніңізден біле аласыз.



ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ (ТЕК R-600a ҮЛГІСІ)

Берілген құрылғыда изобутанның, тоңазыту агентінің (R600a), табиғи газдың біршама мөлшері бар, ол қоршаған ортамен жоғары үйлесімділікте, алайда, ол жеңіл тұтанады. Құрылғыны тасымалдау және орнату кезінде салқындату жүйесінің бірде-бір бөлшегінің зақымданбауы үшін, аса сақтық сақтау қажет. Түтіктерден салқындатқыш ағының шығарылуы тұтануға әкелуі немесе көздің зақымдануына себеп болуы мүмкін. Ағуды анықтаған жағдайда, кез келген ашық от көзінен немесе ықтимал тұтану көздерінен аулақ ұстаңыз және құрылғы орналасқан үй-жайды бірнеше минут желдетіңіз. Салқындату жүйесінде ағу туындаған жағдайда, тұтанғыш газ-ауа қоспасының түзілуін болдырмау үшін, құрылғыны орналастыратын үй-жайдың көлемі пайдаланылған салқындатқыштың мөлшеріне байланысты болады. Үй-жайдың көлемі құрылғының ішінде болатын әрбір R600a салқындатқышының 8 г үшін 1м3 көлемде болуы тиіс. Мөлшері құрылғының ішіндегі айырым тақтайшасында көрсетілген. Қандай да бір ақаулық белгісі бар құрылғыны ешқашан іске қоспаңыз. Күдік туындаған жағдайда өз дилеріңізден кеңес алыңыз.

Климаттық клас

Құрылғының климаттық класы оның паспортты кестесінде лайықты белгімен анықталады.

Климаттық клас	Белгі	Қоршаған орта температурасы	
		Максималды	Минималды
Қалыптан төмен	SN	32 <sup>0</sup> C	10 <sup>0</sup> C
Қалыпты	N	32 <sup>0</sup> C	16 <sup>0</sup> C
Субтропикалық	ST	38 <sup>0</sup> C	18 <sup>0</sup> C
Тропикалық	T	43 <sup>0</sup> C	18 <sup>0</sup> C

Ескерту :

Ішкі температурасы орнатылған жерден , қоршаған температурасынан және есік ашылу жиілігінен тәуелді. Осы ерекшеліктерді еске алып лайықты температура деңгейін орнатыңыз.

Ескерту :




Ішкі температурасы орнатылған жерден , қоршаған температурасынан және есік ашылу жиілігінен тәуелді. Осы ерекшеліктерді еске алып лайықты температура деңгейін орнатыңыз.

# ЕСІКТІ ҚАЙТА ІЛУ

(FR-051AR/FR-081AR/FR-132AR/FR-063R/FR-093R/FR-146R)

Тоңазытқышты құрастырғанда, оның топсалары есітің оң жағына ілген. Егер Сіз есіктің ашу бағытын өзгерткіңіз келсе, төменде келтірілген нұсқауларды ескеріңіз.

## • Тоңазытқышты қоректену желісінен өшіріңіз.

<p>1. Тоңазытқыш корпусының жоғарғы оң жақ бұрышында топсаның қақпақтарын шешіңіз.</p> <p>2. Тоңазытқыш корпусының үстінен бұралып тұрған бұрандаларды (8мм бұрағышты қолданып) бұрап алыңыз. Бұл бұрандаларды келесі қолдану үшін сақтап қойыңыз</p> <p>3. Топсаны жоғары бағытқа қарай көтеріп қойыңыз, бұранданы босату үшін.</p> <p>4. Есікті көтеріп тұрып, оны уырып алыңыз, есікті тырнап қалмау үшін оны жұмсақ жерге салыңыз.</p>	
<p>5. Суретте көрсетілгендей, жоғарғы сол жақтағы бітеуіштерді суырып алыңыз да, олармен оң жақтағы тесіктерді бітеңіз. Бітеуіштер берік бекітілгеніне көз жеткізіңіз.</p>	
<p>6. Тоңазытқышты бүйіріне салыңыз. Топсаны тоңазытқыштың негізінде ұстап тұрған, екі бұранданы бұрап алыңыз. Бұрандалар мен тығыршықты кейін қолдану үшін сақтап қойыңыз.</p>	

<p>7. Алдында шешілген болттарды (6 пункт) қолданып, топсаны негізіне сол жақтан бұрап қойыңыз.</p> <p>Ескерту: бұрандаларды қатты бұрап қоймаңыз.</p> <p>8. Тоңазытқышты көтеріңіз..</p> <p>9. Есікті іліп қойыңыз, бұрандалар топсаның негізіне дұрыс кіргенін қадағалаңыз. Тығыршықтар орнында екеніне көз жеткізіңіз.</p>	
<p>10. Есікті жабыңыз, сол жаққа алдында бұрап алынған (2 пунктті қараңыз) бұрандананы қолданып топсаны бұрап қойыңыз. есік пен тоңазытқыштың деңгейі бірдей болмағанша, бұрандаларды созбай тұрыңыз.</p> <p>11. Топсаның қақпақтарының орының ауыстырыңыз..</p>	
<p>12. Қажетті құрал-саймандар:          - бұрағыш саптамалары 8 және 10 мм          - Қалақ немесе жалпақ бұрағыш</p>	

## Тоңазытқыш корпусы

Салқындату жүйесінің жұмыс істеу барысында, тоңазытқыштың алдыңғы мен бүйір жақтары қызуы мүмкін.

Бұл олқылық болып саналмайды.

Тоңазытқыш жақтары қызу себептері, салқындату жүйесінің орналасқанына байланысты.

Бұл технология тоңазытқыш температурасын әсер етпейді.

	FR-051AR FR-052AIXR FR-063R	FR-081AR FR-082AIXR FR-093R	FR-132AR FR-146R
Кернеу	AC220-240В	AC220-240В	AC220-240В
Жиілік	50Гц	50Гц	50Гц
Ток күші	0.5А	0.5А	0.5А
Хладагент	R-600a,23гр	R-600a,28гр	R-600a,32гр
Газ жасауыш	Циклопентан	Циклопентан	Циклопентан
Климаттық категория	T	T	T
Таза салмағы	16.00 кг	18.00 кг	25.00 кг
Брутто салмағы	17.00 кг	21.00 кг	26.00 кг
Мөлшері (ені*тереңдігі*биіктігі)	440*452*511 мм	440*452*726 мм	480*531*858 мм
Қорапта мөлшері (ені*тереңдігі*биіктігі)	460*490*540 мм	460*490*760 мм	514*565*890 мм
Қуат тұтыну класы	A+	A+	-

\* Құрылғының жетілдіру мақсатында, техникалық сипаттамалары және дизайны алдын-ала ескертусіз өзгеруі мүмкін

Егер қуат сымы зақымданған болса, жазатайым оқиғалардан сақ болу үшін оны өндіруші, сервис орталығы немесе білікті маман ауыстыру тиіс.

Изготовитель / Өндіруші: "DONGBU DAEWOO ELECTRONICS CORPORATION"/ "ДОНГБУ ДЭУ ЭЛЕКТРОНИКС КОРПОРЕЙШН"

Адрес / Мекен-жайы: Daechi-Dong, Dongbu Financial Center 432, Teheran-ro, Gangnam-gu, Seoul/ Дэчи-Донг, Финансовый Центр Донгбу, 432, Тегеран-ро, Ганнам-гу, Сеул, Республика Корея

Завод-изготовитель / Өндіруші-зауыты: Dongbu Daewoo Electronics (TIANJIN) Co., LTD/Донгбу Дэу Электроникс (Тяньцзинь) Ко., Лтд

Адрес/Мекен-жайы: №150, Kiljo Road, Dagang Development Area, Binhai New Districts, Tianjin, China/№150, Килчжо Роуд, промышленная зона Даганг, новый район Биньхай, провинция Тяньцзинь, Китай

Консультационный центр потребителя: АО «Донгбу Дэу Электроникс Рус».

Адрес: 117342, г. Москва, ул. Профсоюзная, 65, корп. 1.

Тел.: +7 495 741 4533.

Импортер/ Импорты: АО «Донгбу Дэу Электроникс Рус».

Адрес: 117342, г. Москва, ул. Профсоюзная, 65, корп. 1.

Тел.: +7 495 744 0397

Сделано в Китае / Қытайда жасалынған

DAEWOO  
ELECTRONICS




## ХОЛОДИЛЬНИК


Руководство по эксплуатации

Үлгі

FR-051AR/FR-052AIXR/FR-063R  
FR-081AR/FR-082AIXR/FR-093R  
FR-132AR/FR-146R



[FR-051AR/FR-063R]  
[FR-081AR/FR-093R]  
[FR-132AR/FR-146R]



[FR-052AIXR]  
[FR-082AIXR]



- Тоңазытқышты пайдалану алдында, пайдалану нұсқаулығын мұқият оқыңыз.
- Тоңазытқыштың жұмыс барысында су жинау науасын алып тастаңыз.
- Су жинау науасын алып тастағаныңыз, тоңазытқыш өнімділігін тездетеді, осылайша электр қуатқа шығыстарын азайтады.
- Газ жасауыш: Циклопентан.